

"АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ СОЛТҮСТІК  
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ  
20 19 ж. 02 ай 29 күні  
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ  
**ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
КАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ**  
БСН 99034000889  
1999 ж. 29 ай 29 күні  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ

Бекітілді  
Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2019 жылғы «03» маусымдағы  
№157 қаулысымен

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
денсаулық сақтау басқармасы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
«Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

Петропавл қаласы 2019 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай - Кәсіпорын) денсаулық сақтау жүйесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі медициналық оқу орны – заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысының кейбір денсаулық сақтау коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының атауын өзгерту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы №18 қаулысына сәйкес құрылды және атауының өзгеруіне байланысты қайтадан тіркелді.

3. Кәсіпорынға қатысты субъектінің құқығын коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын Кәсіпорынның құрылтайшысы және уәкілетті органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынды басқару органы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - басқару органы) болып табылады.

5. Кәсіпорынның атауы:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 150013 Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Шухов көшесі, 42.

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, шаруашылық жүргізу құқығындағы окшауланған мүлкі бар, оны заңнамамен және осы Жарғымен белгіленген шекте пайдаланады және иелік етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Кәсіпорын Жарғысында қаралған қызметінен түскен қаражаттың шығындарын орындау және есепке алу бойынша операцияларға арналған дербес шоттары, ақшалай қаражатты сақтау және есеп айырысу, кредиттік және кассалық

операциялардың барлық түрлерін іске асыру үшін банк мекемелерінде және өзге де кредиттік мекемелерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және фирмалық атауы бар мөрі, бланктері, мөртаңбалары және өзге де ресми атрибуттары болады. Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болады және оларды жүзеге асырады, жауапты болады, міндеттерді атқарады, сондай-ақ сотта талапкер және жауапкер бола алады. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні және мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензия негізінде білім беру қызметін және денсаулық сақтау және білім саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын білім беру қызметін білім беру қызметімен айналысу лицензиясына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырады және мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжатты беруге құқылы.

Кәсіпорын негізгі және қосымша болып бөлінетін кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Негізгілерге мыналар жатады:

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес қорытынды аттестаттаудан, тиісті біліктіліктен ойдағыдай өткен тұлғаға берумен расталатын оқу мерзімі бар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.

Қосымшаға мыналар жатады:

мамандардың білім қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен іске асырылатын, біліктілікті арттыру және/немесе қайта даярлау түрінде жүзеге асырылатын медициналық және фармацевтік мамандықтар бойынша қосымша білім беру;

арнайы курстар мен пәндер циклдарынан сабақ беру;

оқу жоспары бойынша сағаттар санынан тыс пәндерден жеке тәртіпте жекелеген оқушылармен қосымша сабақтар өткізу;

тиісті білім бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандарттары аясынан тыс пәндерді тереңдете оқитын оқушылармен сабақ.

Білім беру бағдарламалары орта буын және қолданбалы бакалаврдың білікті мамандарын даярлауға бағытталған.

Мазмұнына қарай, білім беру бағдарламалары жалпы білім беру және кәсіптік оқу бағдарламаларына бөлінеді:

- 1) жалпы орта білім;
- 2) техникалық және кәсіптік білім
- 3) орта білімнен кейінгі білім.

11. Кәсіпорын мақсаты және миссиясы: Медициналық мектептің классикалық дәстүрлері мен замануи білім технологияларының үйлестігінде, оқытушылар құрамының жоғары біліктілігінде, қазақстандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау саласындағы мамандар дайындығы мен кәсіби даму процесінің үздіксіздігінде негізделген сапалы кәсіби білім.

12. Кәсіпорынның басты басымдықтары:

- 1) медицина ғылымының инновациялық даму талаптарына сәйкес келетін сапалы медициналық білім беруді арттыру;
- 2) қызметтің жаңа түрлерін игере алатын және дүниежүзілік еңбек нарығында бәсекесе алатын өз ісінің кәсіпқойларын даярлау;
- 3) халықаралық байланысты дамыту және Ресей мен Финляндияның медициналық және білім беру орталықтарымен тиімді ынтымақтастық;
- 4) Кәсіпорынның халықаралық жобаларда белсенді ынтымақтастығын дамыту, бірлескен халықаралық конференциялар, семинарлар өткізу, озат халықаралық тәжірибені игеру және енгізу және кәсіби білім мен дағдыларды кеңейту мақсатымен студенттер мен қызметкерлердің академиялық жұмылғыштығын дамытуға көмектесетін халықаралық ынтымақтастық шарттары мен бағдарламаларын іске асыру;
- 5) үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінің дамуы: тұтынушылар сұраныстарын озық қанағаттануын қамтамасыз ету; үздіксіз кәсіби білім берудің талап етілген мазмұнын анықтау; әлеуметтік серіктестік жүйесін жетілдіру;
- 6) әлеуметтік серіктестік жүйесін жетілдіру: серіктестік жүйесін кеңейту; өзара әрекеттесудің түрлі аспектілерінде әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет ету механизмдерін өңдеу; кәсіпорындар мен жұмыс берушілер үшін кадрлардың мақсатты дайындығын дамыту.

13. Қойған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерде қарастырылған оқудың барлық түрлері бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша медициналық және фармацевтік білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлау;

2) денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша, сондай-ақ оқу ақысы толық өтелумен шарт негізінде, білім беру оқу бағдарламалары және келесі мамандықтар бойынша іске асырылады:

- «Қолданбалы бакалавр» біліктілігімен «Мейірбике ісі»;
- «Фельдшер» және «Акушер» біліктіліктерімен «Емдеу ісі» мамандығы;
- «Жалпы практика мейірбикесі» біліктілігімен «Мейірбике ісі» мамандығы;
- «Фармацевт» біліктілігімен «Фармация» мамандығы;
- «Медициналық лаборант» біліктілігімен «Зертханалық диагностика» мамандығы;
- «Дантист» біліктілігімен «Стоматология» мамандығы;
- «Тіс технигі» біліктілігімен «Ортопедиялық стоматология» мамандығы;

3) білім саласындағы қызмет көрсетулердің мемлекеттік тапсырысын орындау Кәсіпорын үшін міндетті болады. Мемлекеттік тапсырыс Кәсіпорын назарына ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік басқару органымен жеткізіледі;

4) заңды және жеке тұлғаларға ақылы білім беру, ғылыми және консультативтік қызметтер көрсету, соның ішінде оқу ақысын толық өтеу шарттары бойынша оқыту, біліктілікті арттыру және қайта даярлау;

5) денсаулық сақтау және медициналық білім беру саласындағы ғылыми-білім беру іс-шараларын, көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдер, тренингтер ұйымдастыруда және өткізуде қатысу.

14. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметтің міндеті мен мақсатына жауап бермейтін қызметті іске асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

15. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның, немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін

16. Кәсіпорын басшысының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) қызметтің басымдық бағыттарын және Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстар (қызметтер) міндетті көлемін белгілейді;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

10) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) Кәсіпорынның басқаруын жүзеге асыратын орган болып табылады.

19. Басшыны (директорды) тағайындау, оның аттестаттауын өткізу Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасымен белгіленген жағдайдан басқа Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген тәртіпте іске асырылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен (директормен) еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа Еңбек шартында бюджетке таза кірістің белгіленген бөлігін уақытылы аудармаған үшін Кәсіпорын басшысының (директордың) жауапкершілігі айқындалады.

21. Кәсіпорын басшысы (директор) Кәсіпорындағы қаржы-шаруашылық қызмет және мүлкінің сақталуы үшін жеке жауапты болады.

22. Кәсіпорын басшысы (директор) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастыруға және Қазақстан Республикасының гендерлік саясат туралы заңнамасының орындалуына жеке жауапты болады.

23. Кәсіпорын басшысы (директор) дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін қолданыстағы заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) Белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылар мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, Кәсіпорын өз орынбасарларының және өзге де басқарушы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді.

## 5. Кәсіпорынның құқығы мен міндеттері

25. Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- мүлік арқылы (Кәсіпорынның ғимараты, имараты, құралдары және басқа негізгі қорлары) жасалған мәмілелерден түскен ақшалай қаражатты пайдалануға;

- негізгі қорларға жатпайтын шаруашылық жүргізу құқығындағы оған бекітілген жылжымалы мүлікке өз бетінше иелік етуге;

- мемлекеттік тапсырысқа кірмейтін ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге;

- Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінде қызметі заңнамамен реттелетін шарттар (келісімшарттар) жасауға және Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған шаруашылық қызметтің кез келген түрлерін жүргізуге; және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызметті жүзеге асыруға;

- мемлекеттік тапсырыстан тыс Кәсіпорын өндіретін және жүзеге асыратын қызметтерге бағаларды өз бетінше белгілеуге құқылы.

26. Кәсіпорын:

- осы Жарғының шарттарын орындауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыруға;
- салық заңнамасына сәйкес бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
- өз қызметінің нәтижесіне жедел бухгалтерлік есепті жүзеге асыруға және статистикалық есептілікті жүргізуге;
- өз атына бекітілген мүлікті сақтау бойынша іс-шаралар қабылдауға;
- коммерциялық және мемлекеттік құпияларды сақтауға;
- жалданып жұмыс істейтін азаматтарға сақтандырудың әлеуметтік, медициналық және басқа да түрлерін жүзеге асыруға, оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес еңбек қызметінің жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

#### **6. Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсынысы бойынша Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

#### **7. Кәсіпорынның мүлкісі**

28. Кәсіпорын мүлкі мемлекеттік меншік құқығының объектісі болып табылады.

29. Кәсіпорынның мүлкін, құны Кәсіпорынның дербес теңгерімінде көрсетілетін негізгі қорлар және айналым қаражат, сондай-ақ құндылықтар құрайды.

30. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

31. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған құрылтайшы берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

32. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікке қатысты сыйға тарту мәмілесін тапсыруға және жасауға құқылы емес.



33. Кәсіпорынның мүлкі құрамына оның қызметіне арналған ғимараттарды, имараттарды, жабдықтарды, мүккәмалды, көлікті, жер учаскісіне құқығын қоса отыра, мүліктің барлық түрлері енеді.

34. Мүлікпен мәмілелерден түскен ақшаны кәсіпорын дербес пайдаланады.

35. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

36. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу не тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

37. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгерімінде бекіткен сәтінде туындайды.

39. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 40, 41-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

41. Осы Жарғының 40-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын немесе мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

42. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

43. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде уәкілетті орган Кәсіпорынға кейін теңгерімнен шығынға жазатын

болып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

44. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

45. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе жергілікті уәкілетті органмен өзгеше белгіленбесе, мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

46. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

47. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

48. Кәсіпорын дербес білім беру қызметтерін көрсетеді.

49. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекет тапсырыстан тыс өндірілетін және жүзеге асырылатын білім беру қызметтеріне бағаларды Кәсіпорын өз бетінше белгілейді.

50. Ақылы білім беру қызметтері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

## **9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

51. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 109 710 900 (жүз тоғыз миллион жеті жүз он мың тоғыз жүз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

## 10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

52. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің уәкілетті мемлекеттік органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

54. Қаржылық есеп беру аудиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## 11. Кәсіпорынның жауапкершілігі

55. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді.

56. Кәсіпорын мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

57. Мемлекет уәкілетті мемлекеттік органның немесе мемлекеттік басқару органының әрекеттері салдарынан болған банкроттық жағдайларынан басқа Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін оның қаражаты жеткіліксіздігінде Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

## 12. Кәсіпорында оқушыларды қабылдау, оқудан шығару, қайта қабылдау және көшіру тәртібі

59. Азаматтардың Кәсіпорынға қабылдау білім беру, тәртібін қабылдау, есепке алу, зейнетақы, қалпына келтіру және ауыстыру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

60. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының азаматтарын: негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік және кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары, кәсіптік) білімі бар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдайды.

61. Оқушыларды қабылдаған кезде Кәсіпорын оларды және (немесе) олардың ата-аналарын, немесе басқа да заңды өкілдерін Кәсіпорын Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқығы бар лицензиямен және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды және қабылдау тәртібін реттейтін басқа құжаттармен таныстыруға міндетті.

62. Кәсіпорынға түсушілердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және оқуға азаматтарды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

63. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті барлық оқу түрлерінде оқитын оқушылар санын қалыптастыру.

64. Кәсіпорын білім саласындағы қызметін жүргізуге құқығы бар лицензияға сәйкес білім алушыларды қабылдау көлемін және құрылымын белгілейді. Бюджеттік қаржыландыру есебінен білім алушыларды қабылдау шамасы мен құрылымы мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде белгіленеді.

65. Кәсіпорын білім саласындағы уәкілетті органмен белгіленген мерзімде және үлгі бойынша қабылдау туралы қорытынды есептілікті және оқушыларды қабылдау барысы туралы ақпаратты білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

66. Кәсіпорынға оқуға қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

67. Кәсіпорынның білім алушылар, олардың ата-аналары немесе олардың заңды өкілдерімен қатынасы ерікті түрде, ҚР Конституциясына негізделген және «Білім туралы» ҚР Заңымен және ақылы көрсетілетін қызметтер туралы шартпен регламенттеледі.

### **13. Білім беру және тәрбие процесін ұйымдастыру**

68. Оқу процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде, мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарттарымен бекітілген оқу жұмыс бағдарламалар мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Оқу процесі, яғни оқу жылының ұзақтылығы, түрлері мен режимі оқу сабақтарының түрі, білімді бақылау жүйесі кіретін оқу процесінің барлық сұрақтары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен регламенттеледі.

70. Кәсіпорын білім берудің гуманистік сипаттамасы, жалпы адами құндылықтар басымдықтары, оқытушылар мен оқушылардың бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық қызметі негізінде тәрбиелік міндеттерді жүзеге асырады.

71. Білім беру процесінің қатысушыларына қойылатын талаптар Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген.

72. Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналарына және басқа да заңды өкілдеріне оқу және тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ оқушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік беріледі.

#### **14. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

73. Кәсіпорын азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің білім беру және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетеді.

74. Кәсіпорын көрсететін білім саласындағы ақылы қызметтер бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті санаттағы қызметкерлер үшін қосымша сабақтардың мазмұны мен сапасының, сағаттар санының есебі, педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктері, еңбекақы мөлшерлемелері және қосымша ақы негізінде белгіленеді.

#### **15. Кәсіпорынның еңбек ұжымымен, тиісті саланың уәкілетті органы және жергілікті атқарушы органмен өзара қатынасы**

75. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және Кәсіпорынның ұжымдық шартына және еңбек шарттарына сәйкес айқындалады.

76. Жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдіктерді ескере отырып Кәсіпорын басшысымен белгіленеді.

77. Кәсіпорын және тиісті саланың уәкілетті органымен, Кәсіпорын және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен өзара қатынасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді және реттеледі.

#### **16. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

78. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік уәкілетті органы белгілейді.

79. Еңбекақы төлеу нысандары, штат кестесі, лауазымдық жалақылар мөлшері, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесі еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын басшысымен дербес белгіленеді.

80. Кәсіпорын басшысының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін мемлекеттік уәкілетті органы белгілейді.

#### **17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

81. Кәсіпорын қызметін қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімімен болады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қаралған өзге де негіздемелер бойынша таралуы мүмкін.

82. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

83. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның мүлкісі жергілікті атқарушы органмен қайта бөлінеді.

Кәсіпорынның мүлкісін іске асыру нәтижесінде алған қаражатты қоса отырып, Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған, таратылған Кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджет табысына енгізіледі.

### 18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

84. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті мемлекеттік органының ұсынымы бойынша мемлекеттік уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Колледж директорының м.а.



Е. Терре